

Трансшекаралық сенім кеңістігін дамыту стратегиясы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 105 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 13-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті**:

1. Қоса беріліп отырған Трансшекаралық сенім кеңістігін дамыту стратегиясы бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері осы Шешіммен бекітілген Стратегияны кезең-кезеңімен іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын дайындау және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының бекітуі мақсатында осы Шешім күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде өздерінің уәкілетті органдарының Еуразиялық экономикалық комиссияға тиісті ұсыныстар тапсыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 105 шешіміне
ҚОСЫМША

Трансшекаралық сенім кеңістігін дамыту СТРАТЕГИЯСЫ

I. Жалпы ережелер

Осы Стратегия ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы халықаралық стандарттар мен ұсынымдарды ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың № 3 қосымшасы) 13-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі сәйкесінше – мүше мемлекеттер, Одақ), соның ішінде жеке және заңды тұлғалардың, мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының лауазымды тұлғаларының, Одақ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің

мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылы кезінде сервистерді және заңды күші бар электрондық құжаттарды пайдалану үшін трансшекаралық сенім кеңістігін дамытудың негізгі мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын, сондай-ақ трансшекаралық сенім кеңістігін институционалдық, құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді дамыту басымдықтарын белгілейді.

Осы Стратегия Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 73 шешімімен бекітілген Мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде сервистерді және заңды күші бар электрондық құжаттарды пайдалану тұжырымдамасының ережелерін ескереді және дамытады.

Осы Стратегия тек мемлекетаралық деректер және электрондық құжаттар алмасу кезінде сенімді қамтамасыз ету талаптарын іске асыруға бағытталған және мүше мемлекеттердің өзінің сыртқы және ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауына кедергі келтірмейді.

II. Трансшекаралық сенім кеңістігінің жалпы сипаттамасы

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес трансшекаралық сенім кеңістігі деп мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мемлекетаралық деректер және электрондық құжаттар алмасу кезінде сенімді қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттердің келісілген құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық талаптарының жиынтығы түсіндіріледі.

Трансшекаралық сенім кеңістігін құру бойынша практикалық іс-шаралар Кеден одағының интеграцияланған ақпараттық сыртқы және өзара сауда жүйесін құру кезінде 2010 жылғы 21 қыркүйектегі Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сыртқы және өзара саудада электрондық құжаттар алмасу кезінде ақпараттық технологияларды қолдану туралы келісімді іске асыру шеңберінше орындала бастады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мемлекетаралық деректер және электрондық құжаттар алмасу кезінде сенімді қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың орындалу нәтижелері Кеден одағының сыртқы және өзара сауда интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту және функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту негізінде Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) құру кезінде трансшекаралық сенім кеңістігін дамыту үшін негіз болуы тиіс.

Интеграцияланған жүйені құру шеңберінде трансшекаралық сенім кеңістігін дамыту осы Стратегияның трансшекаралық сенім кеңістігін дамыту қағидаттарына және оларды іске асыру механизмдеріне қатысты ережелерін ескеруі тиіс интеграцияланған жүйені дамыту стратегиясына, сондай-ақ Мемлекетаралық ақпараттық іс-қимыл кезінде сервистер мен заңды күші бар электрондық құжаттарды пайдалану тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартпен белгіленген салалардағы интеграциялық процестерді ақпараттық қамтамасыз ету ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен Одақ шеңберінде трансшекаралық сенім кеңістігін пайдалана отырып ақпараттық өзара іс-қимыл ортасын қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру кезінде электрондық өзара іс-қимыл субъектілері арасында деректер мен электрондық құжаттар алмасу аумақтық бөлінген мемлекеттік ақпараттық ресурстардың және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерін интеграциялауды қамтамасыз ететін интеграцияланған жүйені, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Трансшекаралық сенім кеңістігі шеңберінде электрондық өзара іс-қимыл субъектілері электрондық құжаттарды, сондай-ақ электронды түрдегі ақпаратты құру, жөнелту, тапсыру, алу, сақтау және пайдалану процесінде туындайтын қатынастар шеңберінде өзара іс-қимыл жасайтын мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары (олардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері), жеке және заңды тұлғалары (заңды тұлғаларының өкілдері), Одақ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері болып табылады.

Электрондық өзара іс-қимыл субъектілері сонымен қатар тиісті халықаралық шарттар жасасқан жағдайда үшінші мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары (олардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері), жеке және заңды тұлғалары (заңды тұлғаларының өкілдері), интеграциялық бірлестіктердің, халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері болуы мүмкін.

III. Трансшекаралық сенім кеңістігінің мақсаттары, міндеттері және элементтері

Негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

электрондық өзара іс-қимыл субъектілеріне заңдық күші бар электрондық құжаттарды пайдалануды көздейтін мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыруы үшін қолайлы және сенім білдірілген жағдайлар қалыптастыру;

Одақ шеңберінде электрондық өзара іс-қимылдың жеделдігін арттыру;

интеграциялық жүйенің тиімді жұмыс істеуін арттыру;

мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының жеке және заңды тұлғалармен электрондық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету шығындарын азайту.

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін трансшекаралық сенім кеңістігін құқықтық, техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді қалыптастыруға мүше мемлекеттердің бірлескен тәсілдемелері негізінде мынадай негізгі міндеттерді шешу қажет:

электронды түрлдегі ақпаратты құжаттандырудың жалпы инфрақұрылымын қалыптастыру;

үшінші тарапқа сенім білдірілген қызмет негізінде электронды нотариат институтын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық жағдайлар жасау;

мүше мемлекеттердің трансшекаралық сенім кеңістігіне қойылатын келісілген талаптарын қамтамасыз ету;

мүше мемлекеттердің жеке және заңды тұлғаларының (соның ішінде Одақ шеңберінен тыс жерлердегі) өзара бір-бірімен, сондай-ақ мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарымен электрондық өзара іс-қимылы мүмкіндігін қамтамасыз ету;

мүше мемлекеттердің трансшекаралық сенім кеңістігінің жұмыс істеуі және дамуы үшін қажетті бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуі;

трансшекаралық сенім кеңістігінің жұмыс істеуі және дамуы үшін қажетті өңірлік мемлекетаралық стандарттарды қабылдау.

Заңдық күші бар электрондық құжаттарды пайдалана отырып мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыруға арналған құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық жағдайлар трансшекаралық сенім кеңістігінің мынадай элементтерін қалыптастыру есебінен құрылуы тиіс:

интеграцияланған жүйенің интеграциялық және ұлттық сегменттерінің уәкілетті сенім білдірілген үшінші тараптардың өзара іс-қимылы үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны (электрондық қолтаңбаны) тексеру кілттерін сертификаттармен қамтамасыз етуге арналған сенім білдірген үшінші тараптың куәландыру орталығы;

мүше мемлекеттер мен Комиссияның сенім білдірілген үшінші тараптары сервистерінің жиынтығы ретінде интеграцияланған жүйенің сенім білдірілген үшінші тарапының қызметі;

мүше мемлекеттер мен Комиссияның куәландыру орталықтары, сондай-ақ трансшекаралық сенім кеңістігі шеңберінде электрондық өзара іс-қимыл субъектілерінің электрондық цифрлық қолтаңбасын (электрондық қолтаңбаны) тексеру кілттерін сертификаттармен қамтамасыз ететін басқа да инфрақұрылым;

мүше мемлекеттердің және Комиссияның ақпараттық жүйелері мен ресурстарының электрондық құжаттар мен деректерді мемлекетаралық алмасу кезінде өзара іс-қимылын қамтамасыз ету инфрақұрылымы;

мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығыс (кіріс) электрондық құжаттарда электрондық цифрлық қолтаңбаларды (электрондық қолтаңбаларды) қолданудың заңдылығын бақылауды қамтамасыз ету үшін электронды өзара іс-қимыл субъектілерінің артықшылықтары мен өкілеттіліктерін басқару инфрақұрылымы;

ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету инфрақұрылымы және жүйелері.

Трансшекаралық сенім кеңістігі элементтерін пайдалану электрондық өзара іс-қимыл субъектілерінің оларды пайдаланып заңдық күші бар электрондық құжаттар құрылатын немесе берілетін құқық белгілеуші құжаттарының ақпаратын өңдеуді және сақтауды қамтамасыз ететін есептік ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуіне арналған жағдай болып табылады.

IV. Трансшекаралық сенім кеңістігін дамыту қағидаттары

Трансшекаралық сенім кеңістігін дамыту мынадай қағидаттарға негізделуі тиіс:

- мүше мемлекеттердің олардың құзыретіне жатқызылған мәселелерде дербестігі;
- мемлекетаралық электрондық өзара іс-қимылға қойылатын талаптарға сәйкес келетін ұлттық сенім кеңістіктерін қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасау;
- трансшекаралық сенім кеңістігінің масштабталуы;
- мемлекетаралық электрондық өзара іс-қимыл кезінде сенімді қамтамасыз ету;
- трансшекаралық сенім кеңістігін қалыптастыру кезінде институционалдық тәсілдемелерді пайдалану;
- мүше мемлекеттердің трансшекаралық сенім кеңістігінің элементтеріне қойылатын келісілген талаптарды сақтауы;
- трансшекаралық сенім кеңістігі шеңберінде ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету.

V. Стратегияны іске асыру кезеңдері

Трансшекаралық сенім кеңістігін дамытуды 3 кезеңде жүзеге асыру болжанады. Бірінші кезеңде (2018 жылға дейін) толыққанды мемлекетаралық электрондық өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін трансшекаралық сенім кеңістігін дамыту қамтамасыз етілуі тиіс.

Осы кезеңде:

мүше мемлекеттердің сенім білдірілген үшінші тараптың қызметі негізінде мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылы кезінде мүше мемлекеттердің және Одақ органдарының актілерімен бекітілетін трансшекаралық сенім кеңістігі сервистерін құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуге, құрамы мен сипаттамасына қойылатын талаптар қалыптастырылады (нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер қабылданады, ұйымдастырушылық сипаттағы құжаттар әзірленеді);

мүше мемлекеттер және Комиссия сенім білдірген үшінші тараптардың интеграциялық шлюздері мен бағдарламалық-аппараттық кешендері құрылады;

сенім білдірілген үшінші тараптың қызметін пайдалана отырып, Одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру кезінде электрондық құжаттардағы электрондық цифрлық қолтаңбаны (электрондық қолтаңбаны) растау қамтамасыз етіледі;

мүше мемлекеттердің трансшекаралық сенім кеңістігін криптографиялық қорғау саласындағы келісілген талаптарды кезең-кезеңімен қалыптастырумен және орындаумен байланысты мәселелер пысықталады;

халықаралық ұйымдармен және Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттермен өзара іс-қимыл үшін трансшекаралық сенім кеңістігін масштабтау бойынша дайындық іс-шаралары жүргізіледі.

Осы кезеңде электрондық өзара іс-қимыл субъектілері мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, Одақ органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері болуы тиіс.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың № 3 қосымшасы) 18-тармағында көзделген трансшекаралық сенім кеңістігіне қойылатын талаптар бекітілгенге дейін, трансшекаралық сенім кеңістігінің жекелеген элементтері ақпараттың қауіпсіздігі және бұзушының іс-қимылдары қауіптерінің модельдерін қоса алғанда, тиісті ұйымдастырушылық-техникалық құжаттар негізінде уақытша режимде жұмыс істейді.

Осы кезеңде осы Стратегияны іске асырудағы басымдылық мүше мемлекеттердің барлық мемлекеттік билік органдары үшін электронды цифрлық қолтаңбамен (электрондық қолтаңбамен) қол қойылған электрондық құжаттарды басым пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету болуы тиіс.

Екінші кезеңде (2020 жылға дейін) мүше мемлекеттердің трансшекаралық сенім кеңістігін құқықтық, техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді қалыптастыруға бірлескен тәсілдемелерін келісу талаптары кезінде мүше мемлекеттердің трансшекаралық сенім кеңістігін криптографиялық қорғау саласындағы келісілген талаптарды кезең-кезеңімен орындауы негізінде жеке және заңды тұлғалардың өзара бір-бірімен, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар өз мемлекеттерінің аумағында болған кезде мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарымен электрондық өзара іс-қимылы мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Екінші кезеңнің іс-шараларын іске асыру бойынша практикалық жұмыстарды бастамас бұрын трансшекаралық сенім кеңістігін дамытудың екінші кезеңінде қол жеткізілуі жоспарланған деңгейін сипаттайтын трансшекаралық сенім кеңістігінің архитектурасы әзірленуі және Комиссиямен бекітілуі тиіс.

Үшінші кезеңде (2024 жылға дейін) мүше мемлекеттердің трансшекаралық сенім кеңістігін құқықтық, техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді қалыптастыруға бірлескен тәсілдемелерді келісу талаптары кезінде және мүше мемлекеттердің трансшекаралық сенім кеңістігінің ақпаратын қорғау саласындағы келісілген талаптарды кезең-кезеңімен орындауы негізінде сенім білдірілген үшінші тараптың қызметі негізінде электрондық нотариаттың мемлекетаралық институты және

электрондық қызметтер көрсетудің басқа да мемлекетаралық сервистері, соның ішінде трансшекаралық сенім кеңістігі шеңберінде электрондық өзара іс-қимыл процесіне жеке тұлғаларды тартатын еңбек көші-қоны саласында қалыптаса бастауы тиіс.

Үшінші кезеңнің іс-шараларын іске асыру бойынша практикалық жұмыстарды бастамас бұрын трансшекаралық сенім кеңістігін дамытудың үшінші кезеңінде қол жеткізілуі жоспарланған деңгейін сипаттайтын трансшекаралық сенім кеңістігінің архитектурасы әзірленуі және Комиссиямен бекітілуі тиіс.

Осы кезеңде сенім білдірілген үшінші тараптың қызметі негізінде электрондық нотариаттың институтын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық жағдайлар жасалуы және трансшекаралық сенім кеңістігі шеңберінде электрондық сауда алаңдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастыруға қойылатын талаптар әзірленуі тиіс.

VI. Стратегияны іске асыру бойынша іс-шаралар

Осы Стратегияны іске асыру соның ішінде екінші және үшінші кезеңдер үшін трансшекаралық сенім кеңістігінің архитектурасын әзірлеуді көздейтін іс-шаралар жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Комиссияның интеграциялық сегментінің, Комиссияның ақпараттық ресурстары мен жүйелерінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету шеңберінде осы Стратегияны іске асыру бойынша іс-шараларды қаржыландыру Одақтың интеграцияланған жүйесін құру, дамыту және жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды қаржыландыру үшін бөлінген Одақ бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының мемлекеттік ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің, сондай-ақ ұлттық сегменттердің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету шеңберінде осы Стратегияны іске асыру бойынша іс-шараларды қаржыландыру мүше мемлекеттердің бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Осы Стратегияны іске асыру бойынша іс-шаралар мүше мемлекеттердің ұлттық деңгейде қажет болған жағдайда мемлекеттік-жекеше әріптестік механизмдерін пайдалануы мүмкіндігімен трансшекаралық сенім кеңістігінің элементтерін құруға және пайдалануға арналған шығындарды төмендету қажеттілігін ескеруі тиіс.

VII. Стратегияны іске асырудың негізгі нәтижелері

Осы Стратегияны іске асырудың күтілетін нәтижесі соның ішінде Одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру кезінде жеделдікті арттыру арқылы заңдық күші бар электрондық құжаттарды пайдалана отырып мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін мүше мемлекеттер құратын интеграцияланған жүйенің

жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру есебінен қолайлы және сенім білдірілген жағдайларды қамтамасыз ететін мемлекетаралық интеграцияны дамыту болуы тиіс.

Осы Стратегияны іске асыру нәтижесінде мүше мемлекеттердің азаматтарының, ұйымдарының және мемлекеттік билік органдарының олардың трансшекаралық электрондық құжат айналымын пайдаланған кезде заңды құқықтарын қамтамасыз ету үшін қажетті негіз құрылуы тиіс, сондай-ақ мемлекетаралық электрондық өзара іс-қимыл кезінде сенімді арттыруға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық механизмдерді құру бойынша міндеттер шешілуі тиіс.